

## КӨСЕМБАЙ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІНДЕ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН «ШАХМАТ» СЕКЦИЯСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛДАУЫ

Көсембай негізгі мектебінде Шахмат ойының әдіс-тәсілдерін үйрету, оқушыларды адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиесіне баулу мақсатында шахмат секциясы ақысыз негізде жүргізілді. Секция жұмысы аптасына үш рет яғни, дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері жүргізілді. Секция жұмысына 5-8-сыныптар арасында 24 оқушы қамтылды. Оқушылар секция жұмысы барысында көне шахмат ойының тарихымен танысып, шахматтың тастары, жүру ережелері, шахмат жазуы, пат неме тең ойын, фигуралар қозғалысы, генерал болуды армандайтын жауынгер, мәңгілік шах фигураларды ауыстыру, қос ат қорғаныс, славян қорғанысы, қақпаға түсіп қалмау, тактика әдісі, екіктіру әдісі, қос соққы әдісі, шалғыту әдісі, тосқауыл қою әдісі т.с.с тақырыптарды терең танысып меңгерді.

Секция жұмысына оқушылар аса қызығушылықпен белсенді ат салысты.

### Секция жұмысы бойынша ұйымдастырған сыныптан тыс шара:



“Шахмат ойнау” челленджі 5-7-сынып оқушылары арасында өтті. Қатысқан оқушы саны: 12 Жетекшісі: А.Габдуллин.

“Шахмат ойнау” челленджі. Шахмат - көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс- әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

Шахмат - жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстракттілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл- ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар. Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- \* Білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру;
- \* Білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту;
- \* Челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту;
- \* Еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау.

[https://www.instagram.com/reel/Cq9hhf6IGZR/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/Cq9hhf6IGZR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Тәуелсіздік күніне орай 5-8-сынып ер балдар арасында өткізілген мектепшілік шахмат ойыны өткізілді.

Нәтижесінде Ұлдар арасында

1-орын Абдолов Есенгелді

2-орын Сисенов Бейбарыс

3-орын Қанат Ернияз, Алпысбаев Аңсар орындарға иеленді.

[https://www.instagram.com/p/CmLZQalivY/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/CmLZQalivY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Сонымен бірге «Ойын соңының ерекшеліктері» және «Күшті және әлсіз нүктелер» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өтілді. Жалпы секция жұмысы бойынша жоспарланған барлық тақырыптар өтіліп, оқушылар толық меңгерді.

**Қорытынды:** Секция жұмысының жылдық нәтижесінде оқушылардың Оқушылар Шахмат-бұл ақыл-ойдың шайқасы екенін ұғынды. Бала тақтаның алдында отырғанда, оның міндеті-жағдайды тез бағалау, нұсқаларды тандау, мүмкін болатын нәтижелерді есептеу, оң және теріс жақтарын өлшеу екенін толық түсінді. Балалар шахмат ойнауды қызығушылықпен үйренді. Олдағы оқу жылына ұсыныс:

Оқушыларды аудандық, облыстық шахмат жарыстарына қатыстыру.

Шахмат секциясының жетекшісі: *А.Габдуллин* А.Габдуллин